

ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

Орындаушылар:

Ергазин Нуржан Карымсакович-Ақтөбе облысының қаржы басқармасы
Коммуналдық мүлікпен жұмыс бөлімінің бас маманы

Каримов Данияр Сергеевич-Хромтау аудандық мәдениет, тілдерді дамыту,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің жетекші маманы

Жаулина Назым Серікқызы-Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала
құрылысы басқармасы Сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы

Әбдіразахова Айя Рамазанқызы-Әйтеке би аудандық мәдениет, тілдерді
дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы

Ірі қызмет көрсету орталығы болып табылады, өзінің құрылымы және функционалдық қызметі бойынша, «бір терезе» және «бірыңғай кеңсе» қағидаты негізінде қызмет түрлерін көрсетеді. Орталықтың практикалық маңыздылығы, бір терезе қағидаты бойынша әлеуметтік маңызы бар 500-ден астам, оқу-ағартушылық, медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-демалыстық қызметтерін ұсыну болып табылады. Орталықтағы көп функционалды қызметтердің бірі оқу-ағартушылық болып табылады. Мұнда «бір терезе» қағидасы бойынша студенттер мен оқытушы-профессорлық құрамға қызмет көрсететін: тіркеуші кеңсесі, студент кеңсесі, халықаралық академиялық мобилділікті қамтамасыз ету секторы, әскери-жұмылдыру бөлімі, паспорт үстелі, бухгалтерлік есепке алу және есептілік бөлімі бар. Медициналық менеджмент және медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында заманауи медициналық құралдармен жабдықталған, логистикалық жұмысы халықаралық және инновациялық технологияларға негізделген Қазақстан-Корей халықаралық диагностикалық орталығы ашылған. Негізгі бағыты - студенттер мен оқытушы-профессорлық құрамды бақылаудың толық спектрлі скринингтік зерттеуін ұсыну. Орталықта жастар саясатына да орасан зор көңіл бөлініп, мұнда студенттік ұйымдардың көбінің басы біріккен. Бұл жерде студенттер әлеуметтік қолдау ала алады, академиялық саясат бойынша жауаптар тауып, студенттік іс шараларды өткізіп, қатыса алады. Бос уақыттарында студенттер кинотеатр, кафе, кітап дүкені, супермаркет, фотостудия, ателье, сән салоны, киім жуатын орын, кеңсе тауарлар дүкені, имидждік өнім дүкені, «Көмек» қоғамдық дүкені, сатушысыз «Адалдық дүкені» қызметтерімен қатар өзгеде көптеген қызметтерді ала алады. Бізді Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Керемет» Студенттерге қызмет көрсету орталығы ынталандырды





СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша қызметтер

Әлеуметтік-тұрмыстық, әкімшілік қызметтер

Сауда-көңіл көтеру қызметтері

Жастар орталығы қызметтері

Диагностикалық орталық қызметтері



ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР

Тіркеуші кеңсе – білім алушылардың оқу барысындағы барлық оқу тарихын тіркейтін және білім алудың барлық түріндегі бақылау мен оның академиялық рейтинг есебін жүргізуді қамтамасыз етуші академиялық ҚЫЗМЕТ



ОҚУ ҮРДСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР



**СТУДЕНТ КЕҢСЕСІ –
білім алушылар
контингентінің
қозғалысының есебі мен
бақылауын қамтамасыз
ету**

- Дипломның телнұсқасын беру
- Нақты бір студенттің сұранысы бойынша жауап хат беру

- Білім алушылардың құжаттарының көшірмесін беру
- Ішкі және сыртқа ауысу, студенттердің қалпына келуі

ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП-ҚИСАП БӨЛІМІ

Студенттермен жұмысты жоспарлау, талдау, бақылау және басқару мақсатында экономикалық және қаржы мәселелері бойынша кеңес беру





ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ, ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТТЕР

- Заңгер, нотариус
- Әуе және теміржол кассалары
- Туристік фирма
- Мансап және бизнес орталығы
- Банк





ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

САУДА-КӨҢІЛ КӨТЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ



СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1

Қызығушылығы бойынша студенттік ұйымдарға және клубтарға тіркеу



2

Жастар жобасын жүзеге асыру туралы кеңес беру



3

Студенттік ұйымдарға мүшелікке өтініш қабылдау



4

Әлеуметтік пакет және жетім балаларға әлеуметтік көмек көрсету бойынша кеңес беру



ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Орталық университеттің студенттері мен оқытушы-профессор құрамына скринингтік тексеру, кеңес беру және диагностика жасайды

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЗЕРТТЕУ

- Тамыр соғысының жиілігін өлшеу
- Артериалды қысым өлшеу
- Электрлі кардиография
- Спирография

КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

- Көздің көруін зерттеу: көздің көру өткірлігі, көз қарашығын түсіру, көздің ішкі қысымын өлшеу
- Есту қабілетін зерттеу: аудиометрия, тимпанометрия

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

- Жалпы зерттеу
- Қанның биохимиялық зерттеуі
- Қанның иммунды-химиялық зерттеуі
- Зәрдің жалпы зерттеуі

СӘУЛЕЛІК ЗЕРТТЕУ

- Кеуде жасушасының тура рентгенографиясы
- УДЗ (бауыр және бүйрек)

ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

- Кольпоскопия
- Гинекологиялық жағынды

АНТРОПОМЕТРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

- Бой, салмақ және дене салмағының индексін өлшеу



Амбулаторлық диагностика, емдеу және кеңес беру:

- Терапевт, бала дәрігері және ЖТД
- Хирург: бала және ересек
- Оториноларинголог: бала және ересек
- Офтальмолог: бала және ересек
- Невропатолог: бала және ересек
- Уролог: бала және ересек
- Акушер-гинеколог
- Гастроэнтеролог
- Кардиолог
- Сынықшы-ортопед: бала және ересек



Құрылыс процедурасы

Бюджеттік комиссияға ұсыныс беру

Жобаны жүзеге асыру үшін қаражат сұрау

Конкурс жариялау

Жобалауға арналған тапсырма

Жобалық сметалық құжаттама дайындау

Сараптама қорытындысы

Жобаға қаржы бөлінуі





Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік дегеніміз не?

МЖӘ – инфрақұрылым объектілерін жобалау, қаржыландыру, салу, қайта құру, пайдалану және қызмет көрсету мақсатында **тәуекелдерді теңгерімді бөлу жағдайында** мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласына жататын салалардағы мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастық түрі.



МЖӘ жобаларының басты белгілері

- ❖ Денсаулық сақтау, білім беру, көлік, ТКШ және басқа салаларды қоғамдық қызметтер көрсету үшін ұзақ мерзімді келісімшарт (30 жылға дейін).
- ❖ Мүдделер мен тәуекелдердің теңгерімі негізінде мемлекет пен бизнестің тең әріптестік қатынастары.
- ❖ Жеке сектордың мемлекет атынан қызметтер көрсету мүмкіндігі (авто және т/ж жолдарына, сервистік қызмет көрсету, білім беру, ауруларды ауруханада емдеу және басқалар).
- ❖ Әріптестік тараптары экономиканың мемлекеттік те, жеке секторы сияқты көрсетілуі тиіс.



Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қадамдары

1. Ұсыныс әзірлеу

2. Ұсынысты қарау

3. Жобаны бағалау

4. Шешім қабылдау

5. Конкурстық рәсімдер

6. Келісім жасасу

